

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Үрімшідегі ұйғыр қозғалысы (2009)



Үрімшідегі ұйғыр қозғалысы (2009)

Мерзімі

5 шілде 2009

Орны

Үрімші, ШҰАӨ, ҚХР

Себептері

Гуандунь провинциясы, Шаогуань қаласында қытай халқымен ұйғыр жұмысшы митгранттарының өлтірілуі

Мазмұны

Көптеген наразылықтар, демонстрациялар

Шешімі

Қозғалыс күшпен басылып тасталды

Жанжал жақтары

Наразылық білдіруші ұйғыр халқы

Қытай Халық қарулы күштер

Қатысушы саны

1000 нан 3000ға дейін

Нақты ақпарат жоқ


- **Шығыс Түркістан Республикасы, ШТР** – Шыңжаң өлкесінде құрылған мемлекеттік құрылым. 1944 жылдың 12 қарашасынан 1946 жылдың 6 маусымы аралығында өмір сүрді. Екінші дүниежүзілік соғыстағы кеңес-герман майданындағы жағдайға байланысты 1941 – 1944 ж. Шыңжаң өлкесінде саяси жағдай қатты шиеленісті. Өлкеде бірін-бірі мойындамайтын күштер көбейді. Осындай жағдайда кеңес өкіметі өзінің оңтүстік шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Шыңжаңдағы оқиғаларға белсене араласты. Кеңес Одағының тікелей көмегіне сүйенген мұсылман халықтары өкілдерінен құрылған “Құлжа азаттық ұйымы” өзін 1944 ж. 4 сәуірде Қытайдан тәуелсіз мемлекет ретінде жариялады. Кеңес Одағы бастапқыда ШТР-ға әскери-тех., саяси жағынан қолдау көрсетіп, жәрдемдесті. Әскери қимылдар жүргізуге кеңестік нұсқаушылар кеңінен араласты. Бірақ кейінірек Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы жаңа келісім бойынша Шығыс Түркістанның мемл. егемендігі шектелді. 1945 ж. 12 қазанда ШТР-дың делегациясы мен Шыңжаң провинциясы үкіметі арасында келіссөздер басталды. Келіссөздер 1946 ж. 2 қаңтарда Үрімжіде “Он бір бітім” деп аталған шартқа қол қоюмен аяқталды. Оның ақтық нұсқасын 6 маусым күні орталығы үкімет мақұлдады. Ол бойынша Шыңжаң халқының азаматтық және діни бостандықтары, заң алдындағы тең құқықтығы мен теңдігі жарияланды. Ұлттық армияның саны қысқартылып, ол провинциясы әскердің бір бөлшегі ретінде ғана сақталатын болды. Келісімшартқа сай ШТР-дың Уақытша үкіметі таратылды. Шығыс Түркістан Қытайдың құрамындағы автономиялық өлке ретінде қалды.



- **Ұйғырлар** — Орталық Азиядағы көне түркі халықтарының бірі. Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданының жергілікті халқы. ШҰАА-ның алтыдан бір бөлігін алып жатыр. 12млн халқы бар кең аймақты аудан. Олардың 8 млн халқы түркі тілді мұсылман ұйғырлар, ауданның оңтүстік аймағында. Қашқар қаласында тұрады. Ұйғырлар ШҰАА 45% құрайды.



Расселение крупнейших этнических групп по территории СУАР КНР



- Қытайдың солтүстік батыс аймағындағы Шыңжаң Ұйғыр Автономды Ауданы астанасы- Үрімші қаласында 5 шілде 2009 ж жаппай наразылық басталды. Жергілікті ұйғыр халқының ереуілге шығу себебі [Гуандун](#) провинциясы Шаогуань қаласында жұмысшы ұйғыр мигранттарының өлтірілуі болды: ресми мәліметтер бойынша осы жылдың 26шілдесінде ойыншық шығару зауытында Шыңжаң жұмысшылары мен елдің басқа аудандарының жұмысшылары арасында жанжал туындап, нәтижесінде 120 адам жарақат алып, оның ішінде 89ы Шыңжаң халқы, 2адам көз жұмды.
- Ресми мәліметтер бойынша, 5 шілде және одан кейінгі күндерде қытай мен ұйғыр арасында болған қақтығыс салдарынан кем дегенде 192 кісі қаза тапты (бейресми мәлімет бойынша одан да көп), мыңнан астамы жараланған, мың жарымға жуық адам тұтқындалған.
- Күдіктілер қамауға алынды. Тамыз айында 200 адам сот алдында жауап берді. Олардың көпшілігі ұзақ мерзімді қамауға алынды, 8 адам өмір бойы бас бостандығынан айырылды .30 адам өлім жазасына кесілді.¹



Сепаратистердің көңіліне не жақпайды?

- Тууды жоспарлы шектеу
- Бастауыш мектепте қытай тілінде сабақ жүргізуді енгізу
- Аз ұлттар үшін мансаптық өсудегі шектеулер
- ШҰАА-дың шикізат қорын Қытайдың орталық және оңтүстік аймақтарына тасымалдау
- Діни қызмет бостандығының шектелуі (олар көп ретте мәжбүрлі сипаттағы шектеулер және исламды саясаттандыруға және діни дәлелді лаңкестікке жауап іспетті; мұның сыртында, ол Синьцзян аумағындағы діни ұйымдар қызметін қатаң түрде реттейтін заң ережелері шеңберінде жүзеге асырылады).



- Қашғар базарындағы ұйғыр қариялары.
- Бір кездері өз мемлекеті болған ұйғыр халқына 250 жыл бұрын Қытай отарлық билігін орнатты, тарих солай шешті. Сол 250 жылдың ішінде ұйғырлар басқыншыларға қарсы 400-ден аса көтеріліс жасады, оның 20-ға жуығы бүкіл дерлік халықты қамтыған ірі көтеріліс.

Қытайлықтардың өздері былай дейді: Ұйғырстан – әрбір бес жыл сайын шағын, ал, әрбір он жыл сайын ірі көтеріліс болып тұратын өлке. Яғни, ұйғырлар тәуелді ел болуға бәрібір көндіге алмай келеді.



Үрімжідегі ұйғырлардың наразылық шеруіне сәбиін алып шыққан ұйғыр әйелі. 7 шілде 2009 жыл.

- жайына қалып, бір отбасы бір балалы болуға ғана хақылы болып қалды. Қытайдың ресми билігі мұны қатаң бақылауда ұстап отыр. Шектеуді бұзғандардың жазасы ауыр. Осы шектеуге байланысты небір қасіретті оқиғалар болып жатады.



- Бейжіңдегі мектеп сабағында тақта алдында тұрған шәкірт. 8 қараша 2005 жыл.
- Бұрын Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы барлық қырғыз, қазақ, ұйғыр ұлттық мектептерінде бірінші сыныптан бастап ана тілі оқытылатын. 5-6 сыныпта ғана қытай тілі оқытыла бастайтын. Сонда мемлекеттік тілді бәрі де меңгеріп шығатын. Еш қиындық болмайтын.

Ал, 2005 жылдан бастап жағдай күрт өзгерді. Қатаң заң қабылданып, барлық қалаларда, ірі елді мекендерде бірінші сыныптан бастап оқу қытай тілінде жүргізілетін болды. Ұйғыр тілі болса, тек 6-шы сыныптан бастап қана оқытылатын болды.



- Ұйғырлардың бас көтеруін күшпен басқан соң, әскерилердің бақылауындағы Үрімжінің ұйғырлар қоныстанған ауданындағы базарда. 14 шілде 2009 жыл.
- жұмыссыздық жайлаған) қамтимыз деген желеуменен жастарды ішкі жақтағы ірі-ірі экономикалық аудандарға әкете бастады. Негізінен қыздарды.



- *Террор хроникасы*
- ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мәліметтері бойынша 1990-2001 жылдар аралығында «Шығыс Түркістанның» террористік күштері 200-ден астам күш көрсету және террористік актілерін жүзеге асырған, соның салдарынан 162 адам қаза тауып, 440 адам түрлі деңгейдегі жарақаттар алған. 2000-шы жылдардың бірінші жартысы біршама тыныш өтті. Қалай болса да күш көрсетудің ірі актілері байқалған жоқ.
- Басты себептер үшеу — біріншіден, ҚХР СҰАР-рында террорға қарсы күрестің күшеюі және аймақты модернизациялауға орталық бюджеттен қомақты қаржы құю. Екіншіден, әлемдік қауымдастықтың (ең алдымен АҚШ-тың) ҚХР аумағындағы терроризм актілерін мойындауы және «Шығыс Түркістандағы Ислам қозғалысын» лаңкестер ұйымдар тізіміне қосу. Үшіншіден, сепаратистердің Синьцзянды азат ету жолындағы күресте террор тактикасынан саяси, күш көрсетпеу әдістеріне көшуі.
-

- Ұлтаралық қақтығыстар мен лаңкестік актілердің жиілігі 2000-жылдардың екінші жартысында арта бастады. 2008 жылы ҚХР СҰАР-ында «террорлық» ретінде жіктелген сегіз акт тіркелді. 2009 жылы — жеті, оның ішінде, 1997 жылғы ақпандағыдан кейінгі ұйғырлар мен ханьдықтар арасындағы ең ірі қақтығыстар жаз айларында Үрімшіде, Қашғарда, Хотанда және басқа аймақтарда орын алды. 2011 жылы төрт террористік акт тіркелсе, 2012 жылы — үш, в 2013-те — 10, ал 2014-те — 11 террористік акт орын алған.
- Синьцзянның қауіпсіздік органдары 32 лаңкестік топтың көзін жойып, 380-нен астам күдікті қылмыскерлерді және 65 қашқынды құрықтады, 264 жарылғыш құралдарын, 3,15 тонна жарылғыш заттарын жасайтын шикізат пен 357 қару бірлігін тәркіледі.

- Қытайдағы заманауи терроризмнің атап айтарлық ерекшелігі, егер бұрын «сепаратистердің» қарулы шабуылының нысанасы полицейлер немесе армия (дәлірек айтқанда — Халықтық қарулы полиция) өкілдері болса, соңғы екі-үш жылда мұндай акциялардың нысанасы халық көп жиналатын орындарда шоғырланған адамдар бола бастады: Қашғардағы кафеге жиналғандар, Хотан — Үрімші ұшағының жолаушылары, Тяньаньмэнь алаңына жиналған туристер, Куньминь мен Үрімшінің теміржол вокзалындағы жолаушылар мен өтіп бара жатқан адамдар, Үрімші базарындағы тұтынушылар. Атар айтарлығы, олардың барлығы хань ұлтының ғана емес, басқа ұлттардың да өкілдері. Бұл терактілер құрбандар санын ұлғайтып, көпшілік арасында «қорғансыздық синдромына» әкеліп соғуда. Мәселен, БАҚ-тан алынған мәліметтерге сәйкес, тек 2014 жылдың алғашқы алты айында террористік актілер салдарынан 69 адам қаза тауып, тағы 309 адам жарақат алған.